

САХНАДАҒЫ ШЫНДЫҚ (өз тәжірибемнен)



К. Байсейітова Ақжүніс рөлінде (Е. Брусиловский «Ер Тарғын»)

Сахнадағы шындық – көрерменге актердің ойыны арқылы жететіндігі театр искусствосында анықталған мәселе.

Шындық не? Сахнадағы шындық дегеніміз – актердің өзіне-өзі шын беріліп сенуі, ойнап жүрген партнерінің ішкі жан сырын түсінуі. Шындықты сенімнен бөліп алуға болмайды. Сенім шындықтан туады, бұл екеуінсіз актер де, ешбір переживания да болмайды.

Біз – совет театрының актерлеріміз. Социализм заманының ұлы мәдениеті – қайта туған қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік

көркемөнері. Біздің идеямыз, дүниетануымыз, қоғамдық пікіріміз Отанымызды гүлдендіріп, жалпы адам баласына бақытты, бай тұрмыс жасауға қандай берік сенімді болса, біздің искусствоға шын берілуіміз де сондай! Біздің сахнадағы өнеріміздің шындығы – большевизммен қаруланған бұқара халықтың жасап жатқан социалистік ұлы құрылысында, Отанымызды сүйетін патриоттық жан сырында, халық үшін адал



К. Байсейітова- Айша рөлінде (Е. Брусиловский «Алтын астық»)

ниетпен белсене алдыңғы қатарда қызмет істеуінде. Олай болса актердің сахнадағы шындығы – ұлы образды асқан шеберлікпен орындап шығуында. Менің сахнадағы еңбегіме театрдың бес жылдық мерекесімен қатар он жыл толады. Он жыл – социализм жасап отырған совет елінің екі бес жылдығы. Екі бес жылдықта адам баласының тарихында болмаған ірі-ірі қадамдарға қолымыз жетті. Осы екі бес жылдықта ескі дәуірден қалған қалдықтарды жойып, тапсыз социалистік қоғам құрдық. Менің актерлік творчеством еліміздің күндей көрікті, салтанатты тұрмысқа ие болумен бірге жарыққа шықты. Бұл – үлкен бақыт. Бұл – жалғыз менің емес, миллиондаған совет жастарының бақытты өмірі.

Бақытты дәуірдің бақытты жасы болу қандай қызықты, қандай қуанышты! Зұлымдықтың сасық иісі аңқып жатқан фашизм елінің жастары соғыста у жұтып уланып, оқ тиіп қансыраса, біздің жастар ұлы Отанымыздың игілікті ісін өнермен, біліммен



К. Байсейітова – Зере рөлінде (А. Зильбер «Бекет»)

басқарып, бақытты өмір жасауда. Соның бірі – совет искусствосының жас кадрлары.

Менің мақаламның атын «Сахналық шындық» дедім. Бұл – актерден үлкен тілек тілейтін тақырып. Өйткені, шындықтың мағынасы терең. Салалы тараулары мол. Актер қоғамдық өмірді қаншалықты шын, дұрыс түсінсе, оның сахнадағы ойыны да шын. Өмірді дұрыс бақылап, жете зерттеумен актер білімін молайтып, творчестволық фантазиясын байытады.

Сіздер актердің сахнадағы ойынынан әртүрлі әсер аласыздар. Қуанатын жерде қуанып, ренжитін жерде ренжисіздер. Ойынды көргеннен кейін сіздердің ойларыңызда қорытынды бір пікір қалады. Ол қандай пікір десеңіз: пьесаның идеясынан туған жамандық болса бездіретін, жақсылық болса сүйсіндіретін, актердің ойыны арқылы жетілген пікір. Көрушіге идеялар бермеген театр – театр емес те, актер – актер емес! Сахнадағы шындықтың негізгі қазығы сонда.

«А.П. Чехов пьесаларының спектакльдері несімен жақсы еді?! Оның жақсылығы жалғыз құмарлана қарауда, жылауда, күлуде емес еді. Спектакльдің күшті әсері көргеннен кейін түні бойы, ертеңіне, бір айдан кейін тағы да көрсем екен дегізіп, өмірден жақсы түрде орын алуында еді», – дейді Немирович-Данченко («Жастармен әңгіме»). Үлгілі шебер актерлердің сахнадағы шындықты шын етіп суреттеуі де Чеховтың спектакльдері сияқты.



*К. Байсейітова - Чио-Чио-сан
(Дж.Пуччини
«Мадам Баттерфляй»)*

Әрбір дәуірдің өз театр искусствосында үздік көрінген таланттары, шеберлері бар. Атақты Щепкин, Каранин, Ермоловалардың қалдырған іздері, мұралары актерлік өнерінде ғана емес, ойнаған рөлдерін шеберлікпен беруімен қатар, қалдырған идеяларында.

Идея қалдыру – ойнап жүрген рөлдің идеясын көрушіге жеткізіп, көрушінің де ойында әсер қалдыру. Ол актер атаулының қолынан келе бермейді. Ол үлкен художниктің ішкі сарайынан қайнап шыққан не терең сезім болмай, образды бойыңа емін-еркін сіңірмей, образ арқылы пьесаны меңгере алмаған құрғақ шеберлік, спектакль кезінде көрерменді шаттандырғанымен, өмірде көңілдегідей орын ала алмайды. Актердің ішкі жанынан қайнап шыққан өткір сезімі, ұшқыр қиялынан жалынды, тартымдылығынан туған шеберлік көрерменге өшпес әсер етіп, оның өмірінен орын алады. Нақты, шын искусство дегеніміз – спектакльді халықпен бірге өмір сүргізіп, халықтың тілегін қанағаттандыратын искусство.

Енді театр сахнасындағы өз тәжірибеме келейін. 1929 жылы Қазақстан мемлекеттік театрының бұғанасы қатып, буыны піспеген, творчестволық жолы айқындалмаған, көркемдік сапасы нашар, бірен-саран репертуары бар кезі еді. Искусство, актер, режиссерлік жұмыстың қазақ театры үшін «балалық шағы» еді. Біз де балалық шағымызды бастан өткердік. Пьесаны оқып шыққаннан кейін екі күн ішінде сөзін жаттап, он күн

ішінде дайындалып, сахнаға шығатын едік. Репетицияны жаңбырлатып, темпераментімізді өлшеусіз жұмсап, тарс-тұрс өткізіп, үйді-үйімізге кете беруші едік. Бұл хал тек қазақ театрының тарихында емес, Еуропа мен Шығыс театрларының барлығының басынан өтті. Бірақ та сол актерлердің балалық шағындағы алдымызға қойған арманның ұлы сәулесі көрінгендей, театр коллективі ертең, бүрсігүні сол арманға жететін тілек, асығыс үміт бар еді. Ол үміттің жүзеге асатынына большевик партиясының басшылығымен жүзеге асатынына да сенім зор еді. Оған жеттік. Қайта туған қазақ халқының искусствосына тиянақты болғандай республикамызда драма, опера театрларының іргесін салдық.

Тағы да сол кезде театр есігін ашпаған халықтың ортасынан шыққан, халық творчествосының мастерлерінсің Өмірзақов Елубай, Қожамқұлов Серке, Қуанышбаев Қалыбек сияқты таланттардың бауырында ондаған, жиырмалаған комсомол жастары бар еді. Солардың көпшілігі қазір мемлекетке еңбегі сіңген халық артисі, сахнадағы шындықтың шебері болып отыр.



*К.Байсейітова - Люба рөлінде
(А. Жұбанов, Л. Хамиди
«Төлеген Тоқтаров»)*

Менің актерлік жолымның ашылуына Қазақ мемлекеттік драма театрының берген тәрбиесі көп. Сол жерде актерліктің тұңғыш мектебінен өттім. Өмірді дұрыс танып, дұрыс сезуге, сахнада өзіме-өзім сеніп істеуіме үлкен жол ашты. Драма, действия, переживанияны меңгеруде актерлік техникамды өсірді. Ондағы ойнаған рөлдеріме баға беріп, жасаған образдарымды бір мақалада бәрін түгел қамтуға болмайды.

Актерлік творчествомның екінші белді кезеңі – опера театры сахнасындағы өмірім. Драмадан операға өту – өте қиын іс, өйткені: екеуінің жағдайы екі басқа. Драмада актердің айқын көрінетін қасиеті – драмалық действия мен переживания, әрекет жасаудағы ашықтығы, монологтардың ішкі мазмұнындағы көркемдік сырды толқынды түрде бере білуінде болса, операда – драмалық действиямен қатар музыканы жете меңгеріп, айтатын арияңды дауыстың үнділігімен асқан шеберлікпен жеткізуінде.

Меніңше, опера актерлерінің бойында үш үлкен қасиет болуға тиіс. Ол – актердің табиғи дарыны және сол қабілетті жетілдіруге байланысты актердің драмалық шеберлігі, даусы, музыкалық сезімінің күштілігі. Бұл үш қасиет драма актерлеріне өте қажетті нәрсе.

Драма актерінің драмалық әрекеті күшті болса, даусының үнділігі нашар болса, немесе музыкалық сезімі әлсіз болса, ол – актердің бишаралығы. Опера үшін музыка, дауыс, драма бірдей болуы керек, актер соны игеріп, актерлік өнеріне қару ете білуі керек.

Бізде бірнеше талантты жастар бар. Солардың сахнадағы шындықты суреттеп беруіне келсек, рөлдің бір жағын жеткізсе де, екінші жағын жеткізе

алмай, көпке дейін қиыншылықта жүреді. Оның себебі актер өзінің актерлік техникасындағы кемшілігін, жетіспеген жағын баса қарастырмайды. Сондықтан да оның ойнап жүрген рөлдерінің дауыс жағы көрінсе – драмалық действия көрінбей, драмалық действия көрінсе – даусы олқы шығып, музыканы нашар сезуі байқалады. Жасыратыны жоқ, дауыстың жоғары техникасын мен де меңгеріп болғаным жоқ. Оны меңгеру – менің алдымдағы үлкен міндет. Керек болса – үлкен идеал. Союздың орденді халық артисткасы Барсованың айтқанын естігенімде маған мынандай ойлар келді: «Адам ізденумен, оқумен бойындағы материалын ең жоғары сатыға шығарып, техникасын күшейтуге болады. Бес жыл ішінде орта білімі бар адам академик-профессор болса, бес жыл ішінде даусымды Барсова сияқты Италия школасының әдісімен айтуға маған да болады». Бұл тілек – жақсы тілек. Бойыңда әншілік шын дарынды талантың болса оны қалай көркейтп, өркендету актердің қолында. Өткен жылдары «Қыз Жібек» рөліне жас артисттің бірі дайындалды. Көмектестік, үйреттік, бірақ та ойнаушы актриса сахнада аяғын дұрыс аттай алмады. Оның себебі – переживания, действияны білмейді. Сахна көрушінің көзіне оңай көрінгенімен, оның ішінде көрсететін оқиғаның көркемдік шындығын беру өте қиын шаруа.

Қыз Жібек, Ақжүніс образдарын жасаудағы өз тәжірибемді айтайын.



*К.Байсейітова –
Қыз Жібек рөлінде
(Е. Брусиловский «Қыз
Жібек»)*

«Қыз Жібек» – халықтың эпикалық поэзиясының күміс бұлағы, меруерт-маржаны, ұрпақтан ұрпаққа мұра, ескерткіш болып келе жатқан поэма. Қыз Жібектің ойы драматургтың берген материалынан гөрі, поэмасында жатыр. Өйткені, Қыз Жібектің поэзиясындағы тұлғасы грек жұртының Елена, Афродита Милосская сияқты легендарный тұлға – поэмадағы халық ақынының Қыз Жібекті суреттеуі таудан аққан тас бұлақтың суындай болса, ойнаушы актер сол суретті сезімі, переживаниясы арқылы беруде қандай болуы керек?! Оны зритель мен көпшіліктің сыны білсін.

«Қыз Жібек» халық поэмасы – оны драмаға айналдырушы жазушының берген материалы, музыкасын құрастырушы композитордың берген ариялары басынан аяғына дейін таза лирика. Лирика болғанда – көлде өзге құстардан ерекше көрінетін аққудың сұңғақты, шұғыладай сәулелі лирика. Егер де Қыз Жібектің лирикалық сырын Пушкиннің поэмасындай десек қателеспейміз. Өйткені, «Қыз Жібек» – халық поэмасының мұнаралы күмбезі, халық жанының Алатаудай бай кейпі.

Менің «Қыз Жібек» образын жасауыма, фантазияма елеу болған осылар. Оның үстіне Ыбырай ақынның «Гәкку» сияқты көл бетіндегі аққудың үнімен қосып шырқаған әні. Сахнаға алғаш шықпай тұрып репетиция үстінде жүргенде маған: Қыз Жібек, «Гәкку» деген екі сұрау келді. Сондағы сенім, сезімдерді билеген жүрегімді толқытып, қиялымды шарықтатқан міндетті не деп сипаттасам екен! Тілім жетпейді. Мүмкін ақын-жазушылардың бірі болса, сол міндеттегі суреттерді сипаттар еді. Өйткенімен Қыз Жібек, «Гәккуді» мен былай ойлап көрдім. Бурабайдың күміс көлі, Оқжетпестің қасындағы жартастың

үстінде Қыз Жібек тұрса... Көл бетіндегі аққудың үнімен үн қосса, ащы дауыс көлдің бетін қақ айырып ар жағындағы жартас, орманды тоғайлардың ішіне барып сіңіп жатса... Бір уақытта «Гәккудің» қайырмасына тоғайдағы бұлбұл қосылса, үшеуінен не шығар еді?! Әрине, сахнада сол сияқты өмірдің сұлу үнін көрушіге көңілдегідей беретін шеберліктің құшағы жетпейтін бір түрі көрінер еді. Не керек «бере алмаймын-ау?!» деген түйткіл, асығыстық бойымды буды.

Қыз Жібектің образын іздеуімде екінші фантазияма қорек болған – халық шығармашылығының ән-күйлері. Жалғыз «Гәкку» емес, халық әндерінің ішінде талай лирикалық әндер бар. Әсет, Балуан Шолақ, Ақан сері, Жарылғапберді, Мұхит, Біржан, Саралардың қайсысынан болсын лириканың толғауы, терең үндері шыққан. Олардың шығарған әндерінің арқасында «Қыз Жібек» сияқты сюжетті оқиғада тұтас мазмұн, мағына бар. Бұл жөнінде бір айта кететін мәселе: «Халық әндерінің характері драмалық шығармалардағы образды толық көрсетуге жетеді ме?» деген әркімде әртүрлі сұрақ бар. Кейбіреулері халық әнін беруге керегі жоқ дейді. Меніңше, халық әнімен опера театрында қойылып жүрген пьесалардың ішіндегі халық аузындағы образдардың бірімен бірі жақындығы бар сияқты. Мысалы, «Гәкку» «Қыз Жібектің» характерлі оқиғасына, мазмұнына сыймайды, бұл екеуі оғаш тұрады деп ешкім айта алмайды. Қыз Жібекке «Гәккуді» айтқызбай, басқа бір «Еділбай» сияқты әнді айтқызсақ, халық поэмасының легендарлық кейіпкері Қыз Жібектің лирикалық тұлғасы толық көрінбеген болар еді. Жалғыз Қыз Жібек емес, опера театрының репертуарындағы халық әндерінің көбі рөлдің ішкі жігімен тығыз байланысты. Мысалы, «Дүние-ай» әнін қапастағы қайғылы қазақ қыздарының қайсысы айтпады. Сондықтан да халық әні біздің образ жасауымызға кең құлашты селт еткізді. Образдың «зерносын» ашуға тиісті тіреу, жан азығымыз болды. Сонан соң халық әнін драмамен байланыстырып, операның стиліне лайықтап орындаушылық меніңше әншіден болады. Кейбір концертте немесе үй іші, отбасында айтатын әншілердің сахнада, операда айта алмауы мұндай қайшылық біздің актерлердің көпшілігінен кездесіп жүр. Операда актер болып айту бір басқа да, жай ғана әнші болып айту – бір басқа.

Атақты бір актер өзін кинода отырған зритель етіп санайды да, ойнайтын ойын киноның лентасы деп қарайды. Кинода отырып, егер қалғып кетсең, не қасындағы кавалеріңе көңіліңді бөліп, көзіңді бірнеше секунд аударып жіберсең, лента бірнеше метрге ілгері кетеді. Екінші айналып қарағаныңда бірнеше эпизодтарды өткізіп аласың. Актердің рөлге кірісіп өзімен, рөлмен жұмыс істеуі де лентаны қарап отырған зритель сияқты. Бұл жөнінде өте қатты ескерілетін бір нәрсе – ілтипат. Шын көңілмен беріліп істемейінше, переживания да болмақшы емес. Өйткені актер сахнада өзін-өзі ойнамайды, рөлге ойнайды. Рөл кім? Ол да актердің өзі сияқты жанды, сана-сезімі бар, логикасы, фантазиясы, тиісті мақсаты бар адам. Олай болса, сахнада адамның образын, ісін, жүріс-тұрысын, тіршіліктегі әрекетін, мінез-құлқын толық түрде адамша ойлап істеу актердің бере істеуінен туады. Бір күнде, бір жұмада актер рөлін толық меңгере алмайды. Меңгеру үшін үздіксіз рөлдің соңынан жарық алып түсуі керек. Мәселе композитордың жазған ариясын, драматургтың либреттосындағы сөзді үйреніп қана шығуда емес. Композитор, драматург актерге айтатын ариясы бар, әдемі

сөзі бар, әдебиет жөнінде ғана бір адамды береді. Ол адамның ішіне кіріп, сонымен бірге өмір сүру – актердің міндеті.

Беріліп ойнау әр актерде әртүрлі, алғашқы кезде мен де мынадай қателіктер болып жүрді. Кейде өте ауыр драмалы рөлдерді ойнап жүргенімде көзімнен жас шыққанша беріліп, өмірде болатындай шын жылап, өксіп жүрдім. Бұл көрушіге қызғылықты болғанымен актердің өзіне жаман. Искусство өмірде болатын оқиғаның натуралистік түрі емес. Искусство – көрушіні сендіргендей түрде елес беру. Мысалы, сахнада біреуге біреу пышақ салып алды. Көруші: «Апыр-ай, шын салып алды-ау!» деп сенеді. Сахнада ойнаушы актер пышақ салудың действиялық түрін, мазмұнын береді. Олай болса, менің жылауым да сондай болуы тиіс. Переживания ішіңнен қайнап, рөлмен мидай араласып, ойнаудағы актердің творчествосы реалистік жолмен болады. Бұл әдісті соңғы кезде «Ер Тарғындағы» – Ақжүністе, «Терең көлдегі» Раушанда қолдандым.

Ақжүніс образы – Қыз Жібекке қарама-қарсы, ханның ерке мінезді, сиқырлы, қызғаншақ, тәкәппар қызы. Бұл образды Қыз Жібектей халық поэзиясының лирикалық толғауынан, музыкалық лирикалық үнінен іздегенім жоқ. Жоғары таптың қанаушы тұрмысынан, өмірден іздедім. Айтатын арияларымның лирикалық гармоникасын рөлдің психологиялық теріс қасиетіне бағындырып, ішкі құбылысыммен сырттымды бірдей алып шығуға тура келді. Бұл рөлде Қыз Жібектен гөрі физический тапсырмаларым толығырақ шешілді.

Әдетте теріс мінезді ойнау актерге жеңіл сияқты болса да, теріс мінезді адамды ішкі жан сырымен, сыртқы құбылысын көңілдегідей қатар алып жүру – өте қиын. Кейбір актерлер теріс қылықты адамның рөлін ойнағанда бірыңғай сарынмен кетеді. Жалт-жұлт қимыл, бет-аузын тыжырайту, жоқ жерде малтасына бұғу, күлдірту адамда болатын тағы басқа мінезін орынсыз істеп, қимылдарын өте шолақ, келте көрсетеді. Штампты әсерлеу осыдан туады.



*К. Байсейітова - Раушан рөлінде
(И. Надиров «Терең көл»)*

сағынышты жанның лирикалық үні бар, асыққан, ашынған адамның аңсауы бар, бұл рөлде Қыз Жібектің шапанын шешінуге тура келді, қаншалық сатыға жеткізгенім жөнінде көруші зритель тиісті сынын берер.

Бір-екі ауыз сөз Қазақстан мемлекеттік қазақ опера театрының бес жылдығы туралы. Бес жылдың ішінде жаңадан опера жасау, социализмді жасап отырған советтер социализмнің ғана қолынан келді. Біздің операларымыз – халық творчествосының бай материалынан тұрған жеміс. Үлкен алғысты, халықтың

«Терең көл» операсындағы Раушан рөлі – Қыз Жібек, Ақжүністен гөрі бұқара халыққа жақын, қазақ әйелінің еңбекті өміріне сыйымды, көңілі адал, ниетінде кішіректей жамандық жоқ, елін, Отанын сүйетін, өзінің жар боп қосылған жолдасын сүйетін, көзінде намыстың, адамшылықтың оты бар рөл. Мұнымен қатар, композитордың музыкасында зарыққан,

талантты шығармаларына, оны пайдалануда дұрыс қолбасшылық істеген партияға алғыс айтамыз.

Қазақ операсының іргесі қаланды. Ендігі міндет – заманымыздың бақытты, шаттық өмірін театр сахнасында шын көрсетіп, актер социализм дәуірінің ұлы геройларының образын да ойнауы керек. Бұл міндетті театр коллективі шамадан келгенше ақтап, өскен үстіне өсіп, совет театры сахнасында асқан бірлікпен шындықты шын түрінде бере аламыз.

«Әдебиет және искусство», 1939, №3